



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

20__ жылғы _____

№ _____

№ исх: 38 от: 26.01.2021
Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

**«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамының жарияланған
акцияларының санын ұлғайту
туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 6 қарашадағы № 741 қаулысына сәйкес, «Royal Consulting Agency Kazakhstan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұсынған мемлекеттік акциялар пакетінің құнын бағалау туралы 2020 жылғы 23 қыркүйектегі № 003-015-20 есебінің, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2021 жылғы 25 қаңтардағы № КГИП-01-КГ/375 хатының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) жарияланған акциялар саны номиналдық құны 1000 (бір мың) теңгені құрайтын 1 969 129 (бір миллион тоғыз жүз алпыс тоғыз мың жүз жиырма тоғыз) дана жай акцияны шығару арқылы ұлғайтылсын.

2. Қоғамның Басқарма төрағасының міндетін атқарушы – Ректоры (Е. Сыдықов):

1) осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден кейін жарияланған акциялар санының шегінде акцияларды орналастыру, орналастырылатын акциялардың саны және оларды орналастыру әдісі мен бағасы туралы шешім қабылдасын;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтан туындайтын қажетті

іс-шараларды жүзеге асырсын.

3. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып есептелсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі М.М. Дәуленовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушы

Б. Асылова

Результаты согласования

26.01.2021 15:33:56: Иргебаев Е. Т. (Департамент высшего и послевузовского образования) - - согласовано без замечаний

26.01.2021 15:43:48: Сейтак С. М. (Управление развития государственного языка) - - согласовано без замечаний

26.01.2021 16:00:18: Тойбаев А. Ж. (Департамент высшего и послевузовского образования) - - согласовано без замечаний

26.01.2021 16:24:07: Дауленов М. М. (Руководство) - - согласовано без замечаний

26.01.2021 16:27:15: Давлет Т. В. (Юридический Департамент) - - согласовано без замечаний

Результат подписания

26.01.2021 18:25:01 Асылова Б. А.. Подписано